

МОЙЫНҚҰМ



ТАҢЫ

МОЙЫНҚҰМ
АУДАНДЫҚ
ГАЗЕТІ



№99
(6880)
жұма
16 желтоқсан
2022 жыл

ГАЗЕТ 1965 ЖЫЛДЫҢ 1-ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП ШЫҒАДЫ

moinkum-tani.kz

moinkum_tani@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Президент өз сөзінде еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыланып, алда тұрған басты міндеттер айқындалатынын атап өтті.

– Қордаланған мәселелер аз емес. 11 айда экономиканың өсімі 4,6 пайыздан 2,7 пайызға дейін төмендеді. Инфляция соңғы 14 жылда болмаған деңгейге жетті. Қазір бұл көрсеткіш – 19,6 пайыз. Мұндай ахуал жұрттың табысына және әл-ауқатына кері әсерін тигізіп отыр. Жуырда өткен Президент сайлауы – бұл халықтың бізге артқан зор сенімі және қолдауы. Азаматтарымыз нақты оң өзгерістер бүгін және қазір болады деп үміттеніп отыр. Осы үміт пен сенімді ақтау – алдымызда тұрған ең басты міндет әрі қастерлі парыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өзінің сайлауалды бағдарламасында еліміздің жаңа даму бағдары айқындалғанын, азаматтардың табысын арттырып, өмір сапасын жақсартуға баса назар аударылатынын атап өтіп, ерекше мән беруді қажет ететін бірқатар мәселеге тоқталды.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесін көтерді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ауыл мен



қаланың ауқымында шешіле беретін тұрмыстық мәселелерді Үкіметтің деңгейінде қарауға мәжбүр болып отырмыз. Өйткені осы саладағы төтенше оқиғалар тым көп болып кетті. Петропавл, Теміртау, Степногорск, Балқаш, Қарағанды, Ақтөбе және Риддер қалаларында болған апаттардың ешқайсысынан әкімдер мен министрлер, әсіресе, меншік иелері тиісті қорытынды жасаған жоқ.

– Жақында Екібастұзда болған төтенше жағдай бұл саладағы ахуалдың қаншалықты күрделі екенін айқын көрсетті. Қызметкерлердің жауапсыздығы, бақылау жүйесінің қауқарсыздығы мыңдаған адамды жылусыз қалдырды. Жауапты қызметкерлер қысты қалыпты режимде, аман-есен өткіземіз деп есеп берген. Бірақ іс жүзінде жағдайдың қалай болып жатқанын көріп

отырсыздар. Павлодар облысының әкімі өз өтінішімен қызметінен босатылды. Ал құзырлы мемлекеттік орган – Энергетика министрлігінің ешқандай әрекетін көрген жоқпыз, бұл мекеме апатқа селқос қарап, бейтараптық танытты. Сондай-ақ төтенше жағдай қызметтерінің жұмысы дұрыс жолға қойылмаған. Олар баяу қимылдап, салғырттық танытты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тозу деңгейі 90 пайыздан асқан Екібастұз ЖЭС-ін мемлекетке 1 теңгеге сату туралы ұсыныс сараптауды қажет ететінін айтты. Оның пікірінше, нысанға тәуелсіз аудит жүргізу керек. Әбден тозған орталықты мемлекеттің тиімді басқара алу мәселесін зерттеу керек. Кәсіпорынның 50 пайызын алып, меншік иесіне Жылу электр орталығын күрделі жөндеуден өткізуді тапсырған жөн.

– Екібастұз тұрғындарына келтірілген зардапты өтеу шығындары меншік иесі мен республикалық бюджет арасында бөлінуі керек. Үкіметтің алдында соңғы жылдары меншік иелері ештеңе істемеген аса маңызды инфрақұрылым нысандарының әрқайсысын кешенді түрде тексеріп, шешім қабылдау міндеті тұр, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздегі ЖЭС-тердің орташа тозу деңгейі 66 пайызға, ал кейбір қалаларда шекті межеден асып, 80 пайызға жеткеніне тоқталды. Жылу электр стансаларының үштен бірінің пайдалануға берілгеніне жарты ғасырдан асқан. Ал Шығыс Қазақстан облысының Риддер мен Шемонаиха қалаларындағы жылумен қамту желілері мүлдем тозған.

Президенттің айтуынша, энергетикалық нысандарды уақтылы жаңғырту ісін бақылауға алу Үкіметке бірнеше рет тапсырылған. Әйтсе де әкімдіктерге де туындаған мәселені орталыққа ысыра салуға болмайды.

– Менің тапсырмам бойынша Президент Әкімшілігі жанынан құрылған арнайы Комиссия кешенді шаралар әзірледі. Соған сәйкес бақылау-қадағалау тетігін күшейтіп, меншік иелерінің жауапкершілігін және жалпы саланың тиімділігін арттыру қажет. Комиссия дұрыс жұмыс істемей тұрған 19 жылу электр орталығын анықтады. Оларды шұғыл жаңғырту қажет. Алдын ала есеп бойынша, оған шамамен 90 миллиард теңге керек. Бұл қаражат, әрине, энергетикалық кәсіпорындардың тарифтік сметасында ескерілгені жөн. Мемлекет меншігіндегі энергетикалық нысандар бюджет есебінен жөндеуге тиіс. Ал жекеменшік нысандарды «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында өз қаражаты есебінен жаңғырту керек. Үкімет осы міндетті шешуге шұғыл кірісуі тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселесіне де баса назар аударды.

– Негізгі тағам өнімдерінің қымбаттауы инфляцияның өсуіне себеп болып жатыр. Азық-түлік инфляциясы 24 пайыздан асты. Тұрғындардың

(Жалғасы 2-бетте)



АУДАН ӘКІМІ ӘЛИХАН БАЛҚЫБЕКОВТІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті мойынқұмдықтар!

Егемен еліміздің ең ұлық мерекесі және барша қазақстандықтардың атаулы күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығына байланысты шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар! Ұлы мерекеміз құтты болсын!

Бүгінде Тәуелсіз Қазақстанды дүниежүзі тұрақтылық пен тыныштық, ынтымақ пен ырыстың алтын аймағы деп бағалайды. Өйткені, жолдары экономикадан нарықтық экономикаға бой бұрған қасиетті халқымыз көпұлтты қазақстандықтардың алаңсыз өмір сүруіне, тағылымды тұрмыс құруына не қажеттің бәрін қамтамасыз етіп келеді. Елдің әлеуметтік жағдайын одан әрі жақсарту беру үшін мемлекеттік көптеген бағдарламалар жүзеге асырылуда. Осындай оңды өзгерістер мен жаңаруларды аудан өмірінен де айқын байқауға болады. Жаңа өндіріс орындары мен әлеуметтік нысандар ашылып, жаңа жұмыс орындары көбейе түсуде. Мемлекет тарапынан жасалып отырған қамқорлық пен көмектің аясы кеңейіп келеді. Рухани жаңғыруымыздың да баспалдақтары биіктерге бастауда. Ел өміріндегі жанды жадыратар бар жақсылық Тәуелсіздігіміздің мәуелі жемісі. Тәуелсіздік – бағалай білгеннің ғана басында тұратын бақ екендігін әрдайым ескерейік.

Ардақты ағайын! Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербелген ұлық мерекені әрдайым ұлықтау арқайсымыздың парызымыз. Мерейлі мерекемен аудан тұрғындарын шын жүректен құттықтаймын, әр отбасының шаңырағына ырыс – береке тілей отырып, халқымыз ауыз біршілікте болып, бүгінгіден де тамаша кезеңдерге бірге жете берейік деген игі тілегімді білдіргім келеді. Тәуелсіз мемлекетіміздің Туы биік, тұғыры мәңгі берік болсын!

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

БІТКЕН ІС ТЕ БАР, АТҚАРЫЛАР ШАРУА ДА АЗ ЕМЕС

Осы аптада аудан әкімі аппаратының кезекті кеңесі өтті. Аудан активі толығымен жиналған жиынды аудан әкімі Әлихан Балқыбеков ашып, жүргізіп отырды.

Жиында: «Аудан елді мекендеріндегі 2023 жылдың I жартыжылдыққа газет-журналдарға жазылу туралы», «Желтоқсан айында белгіленген мерекелерді атап өту туралы», «Жалақы қарызы, салық берешектері және қаржы игерілімі туралы», «Жыл қорытындысын аяқтау бойынша құрылыстар және өтпелі құрылыстар туралы», «Жылыту маусымының өту барысы туралы», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша атқарылған жұмыстар», «Аудан елді мекендеріндегі ревакцинация және вакцинация жұмыстары туралы» мәселелер қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бойынша аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы Айым Төребек мінбеге шығып, егжей-тегжейлі баяндады. Жергілікті басылым «Мойынқұм таңына» жазылуда кей ауылдар төмен көрсеткіш көрсетіп жатса, Қылышбай ауылы жоспардың 161 %-ға орындап, ауданда үлгі болатын іс көрсетіп отыр. Үшінші мәселе бойынша аудан әкімінің орынбасары Сәбит Төлегенов ашып айтып, қазіргі таңда айлық жалақыға тек «Мөлдір» коммуналдық қазыналық кәсіпорны қарыз екенін атап өтті және осы мәселені оңтайлы шешу жолдарын ұсынды.

Осы мәселеге пікірін білдірген аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Тынышхан Әрістеев ауданымыз облыс көлемінде көлік және мүлік салығын жинау бойынша бірінші орында тұрғанын атап айтып, ауылдық округ әкімдеріне алғысын білдірді.

Жиынның төртінші мәселесін баяндаған аудан әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Тұрсынхан Жаманқұлов: «Ауыл ел бесігі» жобасы аясында жалпы 1017,9 млн. теңгені құрайтын 3 жоба іске асуда. Атап айтқанда, Бірлік, Шығанақ және Айдарлы елді мекендеріндегі спорттық сауықтыру кешендері. Оның ішінде Айдарлы ауылындағы спорттық сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстары 2023 жылға өтпелі, ал Бірлік пен Шығанақ ауылындағы нысандардың құрылыстары аяқталуға жақын қалды. 30 желтоқсанда ашылуын



өткізуді жоспарлап отырмыз», - деп сөзін қорытындылады.

Кеңесте аудан әкімдігінің тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғани Тілешев жылыту маусымының өту барысы қалыпты екенін айтып, айтарлықтай түйткілді мәселенің жоқтығына назар аударды.

Мойынқұм орман шаруашылығының инженер маманы Жәнібек Көшекөв қазіргі таңда Қылышбай мен Мойынқұм ауылдарында жеке секторды сексеуілмен қамтамасыз ету жұмыстары баяу жүргізіліп жатқанын және оған себеп сексеуілді тасымалдауға жалдамалы көліктердің табылмай отырғандығын айтып өтті.

Алтыншы мәселе – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша атқарылған жұмыстар жайында аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Самат Тынышбековтың баяндамасын аудандық орталық аурухананың бас дәрігері Данияр Ахмеджанов толықтырып, баяндама соңы ауылдық округ әкімдерінің қызу талқылауына ұласты. Алдағы жүргізілетін жұмыстарға ұсыныстар жасалды.

Аудан елді мекендеріндегі ревакцинация және вакцинация жұмыстары туралы қысқаша баяндаған аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Данияр Ахмеджанов соңғы кездерде вакцинациялау төмен деңгейде жүріп жатқанын атап өтіп, әлем елдеріндегі коронавирус дертінің белең алып тұрғанын ескере отырып, вакцинация мен ревакцинацияға бейжай қарамауды ұсынды.

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралған соң аудан әкімінің орынбасары Жақсыбек Исаков күзгі әскерге шақыру жұмыстарымен таныстырып өтсе, аудан әкімі аппаратының басшысы Мейірхан Төлеулиев алдағы Сенат депутаттарының сайлауына үміткерлердің ауданымыздағы сенімді өкілдерін таныстырды.

Жиынды аудан әкімі Әлихан Балқыбеков қорытындылап, оң нәтиже көрсеткен жұмыстарды атап өтіп, бір қайнауы ішінде болып отырған салаларды ширату қажеттігін жауапты тұлғаларға тапсырды.

Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы».
Суретті түсірген Қ. Көбенғараев.

Алуа ҮМБЕТҚҰЛОВА
«Мойынқұм таңы»

БАРЫМЫЗ ДА, БАҒЫМЫЗ ДА – ТӘУЕЛСІЗДІК

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ



1986 жылы 16 желтоқсан оқиғасында көтеріліске қатысып бас көтерген Қазақ жастары қамауға алынып, оларға тергеуде зорлық-зомбылық көрсетілді. Солардың ішінде жерлес бауырымыз Халық Қаһарманы Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков те болды. Мойынқұм мақтанышы Қайрат Ноғайбайұлы сол кездегі Алматы құрылыс – сәулет институтының студенті еді. Міне, биыл осы оқиғаға 36 жыл толып отыр. Сол кезде өрімдей жас ұландар Кеңес өкіметінің қаһарынан қорықпай әділетсіздікке қарсы тұрды және теңдікті алғашқылар болып талап етті. Осы желтоқсан оқиғасында мұзға алау жаққан Қайрат бауырымыз темір торға қамалды және бұл оқиғаны былай суреттей білді:

«Қайнама қазақ қан үшін,
Қарусыз шықтық алаңға,
Алыстан әскер алдыртып,
Қырып салды табанда.

Сөйлесем даусым жетпейді,
Кез, болдық мына заманға.
Шовинизм еді ғой,
Басты себеп жанжалға,- деп қайырған.

Қайрат бауырымызға қылмыстық Кодекстің 60-61-ші баптарымен 3 жылдан – 15 жыл бас бостандығынан айыру жазасы, 171 баптың бірінші тармағымен өлім жазасы атуға кесілісін деген жаза тағайындалады. Осы қаулыдан кейін сот «Қылмыскер Рысқұлбеков сөзің бар ма?» деген кезде Қайрат бар деп отырғандарға жүзін бұрып, басын көтеріп былай дейді:

«Ақтық сөзің не деген,
Бүгін қойды сот сұрақ.
Айтайын халқыма,
Жоқ пиғыл менде жасымақ.

Күнәдан таза басым бар,
Жақырма бірде жасым бар.
Қасқалдақтай қаным бар,
Бозторғайдай жаным бар,

Алам десең алындар.
Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар,
Еркек тоқты құрбандық,
Атам десең атыңдар.

Хош, аман бол артымда,
Ағайын туған азамат.
Артымда қалған ата-анам,
Ел-жұртым саған аманат.

деген кезде сот «Әкеңіңдер» деген бұйрықты береді. 521 күн өлім камерасында отырған Ноғайбайұлы Қайрат 21 мамыр күні Семей түрмесінің 21 камерасында, 21 жасында, белгісіз себептермен көз жұмады. Еліне жүрегін берген, жанын бір Аллаға тапсырған, намысын ешкімге бермеген, бабалар аманатын ұстанған текті ұрпақтың ұлы, Қазақ батыры Қайраттың тағдыры осылай аяқталады. Осы бауырымыздың басына барып дұға қылуды жөн санап қараша айында Семей қаласына жол тарттым. Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің басына әділет жолында жүрген азаматтар барып тұрады екен. Олай дейтінім Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы академияның тарих бөлімінің меңгерушісімен хабарласып көп мағлұмат алдым және жерленген жерін сол кісіден білуге тура келді. Негізінде Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданының тумасы болғандықтан көп адамдар Семей топырағында жерленгенін біле бермейді екен. Қайрат Семей абақтысында қайтыс болған соң туған әкесі Ноғайбай үш жылдай ұлының зиратын іздеумен болады. Ақыр соңында түрменің бастығы өзінің басын қатерге тігіп тәуекелге барады. Қайратты жерлеген екі орыс солдаттарын тауып береді. Қайрат тұтқындар арасында емес, «Заманский» тас жолының бойында жерленгені анықталады. Зират басын тапқан кезде ол жерде кішкентай ғана шұңқыр болады. Кейін Аманкүл Тілеубаев ағаның бастауымен, халықтың қостауымен осы жерге ескерткіш орнатылыпты.

Желтоқсан үлкен шындықтың бетін ашты және адамзат санасын биікке көтерді. Сол кездегі оқиға 70 жыл билеген кеңестік дәуірдің күйреуіне әкелді. Дүниені дүр сілкінген, бұл оқиға елімізге егемендік алып берді және шекараны шегендеуге, еңселі ел болуымызға зор ықпал етті.

Ауданымызда желтоқсан ерлеріне құрмет көрсетіліп Қайрат Ноғайбайұлына ескерткіш қойылды. Оның атындағы саябақ жаңадан қоршалды.

Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің ескерткішіне ауыл тұрғындары, жастар жаз мезгілінде гүл шоқтарын қойып, маңайын көгалдандырып отырады. Мен мұны жастарға өнеге үлгі деп санаймын.

Жаңабек КЕНЕШОВ,
ардагер ұстаз.
Мойынқұм ауылы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Желтоқсан оқиғасына айрықша бағасын беріп:

ЕР ҚАЙРАТТЫ ҰЛЫҚТАУ ПАРЫЗЫМЫЗ

- 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек, – деген болатын.


Расында да Тәуелсіздіктің туын ең алғаш көтерген Желтоқсан көтерілісіне биыл отыз алты жыл болса, Тәуелсіздігімізге отыз бір жыл толып отыр. Елді дүр сілкіндірген желтоқсанның ызғарлы күндерінде халқының ар-намысын қорғап, шындықты, әділдікті іздеп алаңға шыққан жерлесіміз Қайрат Рысқұлбеков еді.

«Егер осы жігіт тірі тұрғанда, сөз жоқ, өз халқының айбарлы ақыны, үлкен қайраткері болар еді» – деп ұлтымыздың ақыны Мұхтар Шаханов айтқандай, қысқа ғұмырында-ақ өшпестей із қалдырған ағамыздың есімі бүкіл алашқа жетті. Әсіресе, сонау бір қапас түрмеде жатқан кездегі жазған жырлары, қолжазбалары, хаттары, ерекше ойлары - болашақтың зор тұлғалы ұлы адамынан хабар бергендей еді-ау.

«...Бұл дүниедегі ең зор бақыт-еркіндік екен ғой, кім білген. Адамның бостандықтағы бір күні-қапастағы бар ғұмырдан әлдеқайда қымбат екенін енді білгендеймін. Осы түрмедегі біздің күнімізді адам түгіл, итіңе бермесін» – деп бостандықты аңсап, мұң-шерін жеткізген еді.

«...Арман қудың ба, алдына қара, артыңа алаң болма! Өмірдің өткелін іздеп таптың ба, жүрексіңбе, көзді жұм да, қойып кет, белді шеш те, кешіп өт», - деген жолдарынан жастарға жол сілтеп, бағыт берген жастың арман-үміті сезіледі.

Халық қаһарманы 1973-1981 жылдары Шу ауданындағы Төле би ауылында орналасқан мектеп-интернатта оқып, сегіз жылдық білім алған. Мектепті үздік оқып, сыныптан сыныпқа емтихансыз көшіп отырған. Қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласып, мектептің комсомол ұйымының хатшылығына сайланады. Бірлік ауылындағы Киров (қазір Қ.Рысқұлбеков) атындағы орта мектебінде оқып, он жылдықты аяқтаған соң, әкесі Ноғайбайға жәрдемші болып, Көктерек тауарлы-сүт фермасында жұмыс істейді. 1984-1986 жылдары Ресейдің Амур өлкесі, Белогор қаласында әскери міндетін абыроймен өтеп, тамыз айында әскери бөлімшенің жолдамасымен Алматы сәулет – құрылыс институтына сынақтан сүрінбей өтіп, оқуға қабылданған еді. Көп ұзамай, сол жылдың 16 желтоқсанында Республикамызды ширек ғасыр бойы басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты



орнынан босатқан Пленум шешіміне көңілі толмаған жастар алаңға шығып, өз ойларын айтуға тырысқан. Алайда, бейбіт наразылық білдіріп, үкілі үмітпен жиналған жастарды Үкімет басшылығының бұйрығымен, Қарулы күшпен аяусыз ұрып, алаңды қызыл қанға бояды. Осындай озбырлыққа шыдамай, жас қыздарға араша түскен ер намысты жігіттердің бел ортасында – жерлесіміз Қайрат ағамыз да бар еді.

Өкініштісі сол, әділетсіз соққының құрбаны болған, бүгінде бар қазақтың аяулы перзентіне айналған батыр Қайрат бүкіл қазақ зиялылары азап шеккен түрмеге түсіп, Абай, Шәкәрім, Мұхтар дүниеге келген сол Семей даласының топырағына оранды.

Иа, «Бозторғайдай жаным бар, алам десең алындар!» деп жырлаған жас жігіттің өлімі де құпия болып қалды. Сол үкімі ату жазасына кескеннен кейін көп адамның жүрегі жаншылды. Бірақ шетелдік басылымдар қазақ жігітіне кешірім беруді өтініп, жарысып мақала жариялады. Бұл оқиғаның әлемдік деңгейде талқыланып жатқанынан кейін бе, Қ.Рысқұлбековтің жазасын 20 жыл бас бостандығынан айыруға ауыстырды. Осы сәтте тілеулересті шын қуанып, аман-есен орталарына оралатынына сенім білдірді. Бірақ, ол сенімдері ақталмай, бар болғаны 22 жасында дүниеден өтті.

Небәрі 20-21 жасында қайсарлық танытқан, көктемде дүниеге келіп, көктемде дүниеден өткен жас жігіттің тірі болғандағы алар қамалы қандай болар еді?

Қазағымның ар - ұяты жаны үшін,
Қазағымның бақыты мен бағы үшін.
Бабалардың аманатын орындап,
Жанын қиған елі үшін!
Егемендік тірегісің
Тәуелсіздік алып берген қазаққа,
Жас Қайратым бір өзіңсің.
Қиын сәтте Мұхтар аға жол тапты,
Күллі әлемге Қайратымды қолдатты.
Сенің ісің сілкіледі жанымды,
Сенің арың аралады қанымды.
Сенің рухың барша алашты оятты.
Сенің үнін жер жаһанға тарапты,
Содан келіп Тәуелсіздік таңы атты.
Барыс сынды қазағым,
Күн шуағын таратты – деген өлең жолдарымен ойымды аяқтап, қазақтың қайсар ұлы Қайрат Рысқұлбековтің есімі ел есінде мәңгілік сақталатынына сенім білдіремін.

Алуа ҮМБЕТҚҰЛОВА,
«Мойынқұм таңы».

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ҰМЫТЫЛМАС ЫЗҒАРЫ

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы жұртшылықтың есінде. Ғасырлар бойы аңсап келген тәуелсіздікке қол жеткізуге сол жастардың бас көтеріуі себепші болған еді. Міне, желтоқсанды жаңғыртқан оқиғаға биыл 36 жыл толыпты. Содан бері біраз ақиқаттың беті ашылды. Тәуелсіздік мерекесі күні сол Желтоқсан оқиғасының бел ортасында жүрген, бүгінде Көкжелек ауылдық ветеринариялық учаскелік пунктінің меңгерушісі Манарбек Талғатбекұлы Смағұловтан сол желтоқсанның ызғарлы күнінде болған оқиға жайлы сұраған едік.



-Манарбек, осыдан 36 жыл бұрын боз ала таңда намыс найзағайын жарқылдатып, жігер отын маздатқан жастар алаңға шығып, қазақ рухын дүр сілкіндірген еді. Сол желтоқсан оқиғасына сізде қатыстыңыз. Алаңға шығуыңызға не түрткі болды? Сол күндері алаңға шыққан жастардың арасында қызық көру үшін барып, жазықсыз жалаға ұшырағандар болды ма?

- 1986 жылы 17-18 желтоқсан күндері қазақ жастарының алаңға шығуының басты себебі, Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші хатшылығына ешкімге белгісіз Г.В.Колбиннің келуі еді. Сондай-ақ бұған дейін де қазақ саясатының қордаланып қалған мәселелері түрткі болды. Желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының ар-намысын оятты. Біз тоталитарлық жүйені, режимді бұзуға ұмтылған жастар едік, ұлттың рухтың биік екенін көрсеттік. Алаңға шыққан жастардың көбі өз еркімен бейбіт шеруге ілесіп, саналы түрде келді. Бұл сол кездегі саясатқа қарсы өз үндеулерін білдірген жастардың ұмтылысы еді. Әрине, жолдан қосылғандар да, қарап тұрып, жапа шеккендер де болды. Ал, біз алаңға ашық түрде өз қарсылығымызды білдіруге шыққан едік. Және біздің топта оқитын қазақ балаларының «Мен қазақпын» деген жастардың бәрі бірдей шықты.

-Орталық алаңға келген кезіңізді еске алып, сол 17-18 желтоқсан күндеріндегі қанды оқиғаға кері оралсаңыз.

- Сол күндерді еске алсам, өзегім өртеніп, жүрегім сыздайды. Мен ол кезде Алматы мал дәрігерлік институтының 3 курсында оқитынмын. 16 желтоқсанда студенттік жатақханада болып, курстық қорғайтын жұмысымыз аяқтап, тұратын пәтеріме қайтып келе жатқанмын. Қолымда папкам бар. Кеш

мезгілі еді. Қ. Сәтпаев көшесіне қарай Мир, Фурманов көшелерімен жастар легі ағылып бара жатыр екен. Мен де соларға қосылып, қазіргі Республика алаңына жеттім. Жастар өз наразылықтарын білдіріп, айқайлап сөйлеп жатты. Түнге қарай қарамыз молайды. Қас қарая бастағанда алаңда тұрған біздерді жан – жағымыздан әскерилер қоршап, аяқ астынан нағыз «қырғын» басталды. Біздің алдымызда сапта тұрған бастан – аяқ қаруланған солдаттар дубинка, сапер күректерімен жастарды ұрып-соғуға кірісті. Қолымыздан келгенше бізде айқайлап, ұрандатып тойтарыс бердік. Кенет орталық алаңға жақын жерде күтпеген жағдайға тап болдым. Жалмаңдаған жандар көтеріліп қазақ қызын көз алдымда дубинкамен басынан ұрып сұлатты. Үсті – басы қып – қызыл қанға боянған бойжеткен есінен танды. Қарасам әлгі қыз менен бір – екі қадам жерде ес – түссіз, шалқасынан жатыр. Сол сәтте оны тастап кетуге ар – намысым жібермеді. Бар пәрменіммен атылып барып, көтеріп алдым. Сөйтіп, іле – шала сасқанымнан бар даусыммен: «Убицы! Убицы!» деп айқайлап солдаттардың өздеріне қарсы ұмтылдым. Олар шошып, кері шегінді. Сонда да алған бетімнен қайтпай, әлгі қызды алаңғағы мінбердің түбінде 15 - 20 минуттай көтеріп жүрдім. Аяқ – астынан бір жігіт жанымға келе қалып, бойжеткенді КазПИ – дің жатақханасына апарып салдық.

- Содан кейін не істедің?
- Солдаттардың аяусыз ұрып – соққан сәтінде сасқанымнан қолымдағы жазған курстық жұмысымды лақтырып кеттім. Қашып пәтеріме барсам, бірге жататын үш студент жолдастарым үйде жоқ екен. Олар қызылордалық Абдулла, жамбылдық Ерлан, (Байзақ ауданы) және Қайрат еді. Кейін оларды шеруге қатысқаны үшін оқу орнынан шығарып жіберді. Ертеңіне 17 желтоқсанда сабақтан қалмайын деп институтқа

келсем, аудиторияда бар болғаны 4 – 5 студент отыр. Содан кейін Л.И. Брежнев алаңына бардым. Тағы қазақ жастары көп жиналыпты. Қолдарына «Лениндік ұлт саясаты жасасын! «Әр ұлттың өз көсемі бар» деген сияқты ұрандарды ұстап алыпты. Арасында қыздар да көп. Ызғарлы суықты елемеген жастар тәртіп сақшыларының тараңдар деген ескертулеріне құлақ аспай, күш ала түсті. Олардың жан – жағын милиционерлер, солдаттар, жасақшылар қоршаған. Түнгі сағат 12 – ден кейін жиналғандарды ұрып – соғып, күшпен таратуға көшті. Қыздарды шашынан сүйреп, жігіттерді сапер күректерімен, дубинкамен ұрып құлатып, аяусыз жазалады. Жараланғандарды сүйрелеп, автобуска тиіп жатқанын көзім көрді. Оларды қайда апарып тастағаны осы күнге дейін белгісіз. Басыма дубинка, соққысы, сапер күрегі тисе де қашып құтылдым. Көтеріліс аяусыз басылған соң институттағы сабағымнан қалмай қатысып, жүрдім. 21 – желтоқсанда деканатқа шақырды. Факультет деканы «Бала, не істеп едің, тыныш жүрмейсің бе?» деді. Деканның кабинетінде ұзын бойлы орыс жігіті «Менімен бірге жүресің» деді де, «Челинный» кинотеатры жанындағы КГБ – нің кеңсесіне алып келіп, «16 – 17 желтоқсан күндері қайда болдың, мақсатың не, кімдермен бірге болдың?» деген сауалдар қойып, түнгі сағат 12 – ге дейін ұстады. 16 желтоқсанда Л.И.Брежнев атындағы алаңға бардым дедім ғой, сол кезде қолымдағы папканы лақтырып тастап кеткен едім, солардың қолына түсіпті. «Үш әріптің» тергеуінен кейін түнде автобус, трамвай көліктері тоқтап қалған соң, тұратын пәтерім алыс болғандықтан «Ақсай 2» мәлтек ауданында тұратын құдашамның үйіне барып, сол үйден ауылға телефон соғып, жағдайымды ата – анама жасырмай айттым. Ертеңіне ағам Маралбек Алматыға келіп, үш әріптің қызметкерлеріне жолығып, менің жатақханадан келе жатып, оқиғаға жолай кездейсоқ ұшырасқанымды, көптің ішінде болды демесе ешқандай мақсат қоймағанымды дәлелдеп айтты ма білмеймін, папкамды қайтарып беріпті. Сөйтіп, оқуымды жалғастырып, 1989 жылы мал дәрігерлік институтын бітіріп, ауылға келдім.

- Жоғарғы оқу орнын бітіріп, алғаш еңбек жолыңды қайда, қандай қызмет атқарумен бастадың? Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың содан кейінгі өмірлері қалай болды?

- Бөлімше зоотехнигі болып жұмысқа орналастым. Содан бері аудандық ветстанцияда, Жамбыл совхозында бас мал дәрігері, «Құлан» ЖШС – нің лицензиялық мал дәрігері болып істедім. Кейіннен бірер уақыт Қызылтал ауылдық округінің әкімі қызметін атқардым. Қазір ауылдық ветеринариялық пунктінің меңгерушісі болып еңбек етудемін. Желтоқсан көтерілісінен кейін қара бұлт сөйлемей, оған қатысқан жастардың, ұлт жанды азаматтардың басы шырғалаңға түсті.

Олар оқудан, қызметтен, партия, комсомол ұйымдарынан шығарылды. Кейбіреуі сотталды. Мен ақиқаттың ақ таңы атарына үміт арттым. Бекерге үміттенбеймін. 1986 жылдың желтоқсанында мұздай қаруланған отарлаушы империяның қыспағына жалаң қол, жалынды жүрепкен қарсылық көрсеткен қазақ жастарының өшпес ерлігінің арқасында қазақ елі Тәуелсіздігіне қол жеткізді. Желтоқсан көтерілісі қазақ

жастарының сана – сезімінің қаншалықты өскендігін көрсетті. Олар жүз жыл уақыт бойы халықты қазармалық тәртіпте ұстап келген. Ұлға тән ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол берілмейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді.

Желтоқсан оқиғасы – бұл қазақ жастарының ар мен намысын арқаалаған алғашқы демократиялық қозғалысы еді. Көтеріліс жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуына, социалистік лагерьдің тарауына алып келген ұлттар мен ұлыстардың еркіндікке ұмтылысының бастамасы болды. Мұның өзі, түптеп келгенде, әлемдегі күштердің ара-салмағының демократияның пайдасына өзгеруіне жол ашты.

-Манарбек, енді ата-анаң, бауырларың, отбасың жайында айтсаң.

-Зайыбым Райхан Қоғабаева Б.Момышұлы атындағы орта мектебінде қызмет атқарады. Үлкен ұлым Жайдарбек М.Тынышбаев атындағы көлік және коммуникациялар академиясын бітірген. Алматы қаласында тұрады және жұмыс істейді. Үш баланың әкесі. Екінші ұлым Мұратбек №23 спорт мектебі директорының орынбасары болып қызмет істеуде. Отбасылы, үш баласы бар. Қызым Жаная Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетін өткен жылы бітіріп, қазір сол оқу орнында магистратурада оқып жүр. Әкем Талғатбек Смағұлов білім саласының ардагері, 40 жылдан аса ағарту саласында үзбей бір мектепте қызмет етті. 1998 жылы ауыл халқы ауылдағы бір көшені әкемнің есімімен атауды ұйғарып, оны бір ауыздан қолдады. Аман Торған он бала туып, тәрбиелеп өсірді. Олардың жоғары білім алып, өмірден өз орындарын табуына бағыт-бағдар берді.

-Жалынды, жігерлі қазақ жастары бас көтерген Желтоқсан оқиғасы арқылы тәуелсіздікке қол жеткізгеніміз ақиқат. Бүгін міне, сол Желтоқсанның жаңғырығына 36 жыл толды. Көпшілікке қандай тілек айтасыз?

-Ең алдымен барлық Қазақстан жұртшылығын Тәуелсіздік мерекесімен құттықтаймын. Отбасыларына береке, бірлік тілеймін. Әр қазақ азаматы мемлекеттің патриоты, халқының тәуелсіздік жолында қолынан келгенше еңбек етуі керек деп ойлаймын. Тәуелсіздікке үлес қосып, мемлекеттің өркендеуіне атсалысуы қажет. Менің ойымша, Тәуелсіздік туын алғаш көтергендіктен жұл сайын мектептерде Желтоқсан көтерілісіне байланысты арнайы сабақтар өткізіліп, қайғылы оқиға күні Желтоқсан құрбандарын бір минут үнсіз еске алып тұрса, бұл жас ұрпаққа өнеге болар еді. Желтоқсан көтерілісі тарих оқулықтарында кеңінен қамтылып, оның ман-маңызы жан-жақты ашылуы тиіс.

Бұның бәрі Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы үшін, жастардың патриоттық сезімін шыңдай ұсу үшін қажет.

-Әңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Жолдыбай ДӘМЕТОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Көкжелек ауылы.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰЛАНЫМЫН

Тәуелсіз ел ұланымын,
Самғап ұшар қыранымын.
Елім менің куә болар,
Жазылатын мың әнімнің.

Тәуелсізбін егеменмін,
Пайдам тиер елге менің.
Желбірейді көк байрағым,
Бірлігімді шегеледім.

Тәуелсізбін азатпын мен,
Арылғанбыз азап күннен.
Көк бөрінің ұрпағымыз,
Мәңгілік ел, қазақтың мені!

Елім үшін жыр жазамын,
Білсем дағы шырғалаңын.
Көтер басты жігерленіп,
Оян елім, тұр қазағым.

МҰЗДА ЖАНҒАН ШЫРАҒЫМ

Тәуелсіздік – мәңгілік ел тұрағы,
Тәуелсіздік – әр жүректің шырағы.
Қазағымның жүрегінде ол күндер,
Мұз үстінде жанған мәңгі шырағы.

Бабалардың аңсап өткен арманы,
Рухы биік ұрпақтары жалғады.
Егеменді еліміздің ұраны,
Көк аспанда қыран құс боп самғады.

Қайрат ағам тәуелсіздік тарланы,
Ербол, Ләззат ақиқаттың арланы.
Елі үшін құрбан болған боздақтар,
Әнұранды әуелетіп салғаны.

Желтоқсанда қалып қойған жаңғырық,
Бәйтерекке жұмыртқалап самұрық.
Отыз жылым өтсе дағы зымырап,
Бейнесі тұр жанарымда жаңғырып.

Егеменді еліміздің намысын,
Қорғап кеткен арыстарды танысын.
Ұрпағымыз ел қорғайтын болашақ,
Көк байрақты түсірмесін ар үшін.

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ БАТЫРЫ

Айналдым желтоқсанның батырынан,
Туылған Мойынқұмның жатырынан.
Бізгәрым желтоқсанның алып кеткен,
Іздейміз іздерінді ғасырыман.

Қайраттай ұл әкелген заманында,
Арманы, жоқ- ау сіре ананың да.
Құрбандық болып кеткен еркек тоқты,
Ғасырдың із қалдырып табанында.

Тар жолда тайғақ кешкен есіл ерім,
Сездің бе, сын сағаттың шешілерін.
Артында қалдырмадық бір тұяқты,
Келеді аға сізге кешір дегім...

Қол жетті тәуелсіздік таңдарына,
Аңсаған өзің аға арманыңа.
Өзіммен мақтанады ұрпақтарың,
Үлгісін Қайрат аға заманыңа.

Дана МҰХАМЕДҚЫЗЫ.

ТӘУЕЛСІЗДІК

Біз тәуелсіз, азат елміз. Мен
осындай кең байтақ мамыражай
елде тұрып жатқаным
қуаныштымын. Жерім бай, елім,
асты да байлық, үсті де байлық Ұлы
дала.

Әйткенмен Тәуелсіздік оңай
жолмен келмеді. Ата-бабаларымыз,
осы тәуелсіздік жолында қаншама
қиындық көрді. Жоңғарлармен
соғыста Қабанбай, Бөгенбай
бабаларымыз, Ресей патша
өкіметінің бодандығына қарсы
Исатай, Махамбет, Кенесары,
Наурызбай бабаларымыз, Кеңес
өкіметінің ату жазасына кесіліп
опат болған «Алаш зиялылары»,
желтоқсан ызғарында Қайрат
ағамыз, айта берсек қаншама жан
тәуелсіздік жолында құрбан болды.

Біз осы батырларымызды естен
шығармай, жүрегіміздің төрінде
қастерлеп сақтаймыз. Өйткені сол
кісілердің арқасында біз осындай
бейбіт заманда тамаша өмір сүріп
жатырмыз.

Тәуелсіздік оңай жолмен келмеген,
Ата-бабам күшін салып терлеген.
Қаза болды қанша батыр ағалар.
– Азат бол! – деп, елім, жерім, құт мекен.

Тәуелсіздік бабадан қалған ұлы арман,
Ғасырлар бойы азаттыққа жан салған.
Желтоқсанның ызғарында қол жетіп,
Бүгін жастар еркін елде күн жанған.

Гүлзат СЕРИКБАЙ,
Қ. Рысқұлбеков атындағы
орта мектебінің
9-сынып оқушысы.



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДА...

Тәуелсіздік жолында құрбан болған,
Жүректері дүрсілдеп алып ұшқан.
Қайраттай батыл тұлға қаһармандар,
Елімізді сол кезде азат қылған.

Сол мезетте өздерін ойламады,
Ойлауға да ден қойып ұмытлмады.
Жүректері «елім» деп соға берді,
Соқпасқа амалы жоқ та еді.

Енді біздер азат та байтақ елміз,
Ешкімге тәуелсіз боп жатқан елміз,
Ел намысын қорғап қалған ер Қайратты,
Өмір бақи жаттап есте сақтаймыз біз.

Қарасақ табиғатқа - көркем дала,
Кеше ғана толқыған майдан дала,
Қайрат та азаттықтың дәмін татпай,
Жазықсыз сотталған жоқ па о, масқара.

Енді, міне, Қайратты мойындады,
Жоқтау салып ән, шумақ, жыр арнады.
«Желтоқсанның ызғары» кісен салып,
Қорлағанда, қорғайтын жан табылмады.

Ол аздай әдейі жала жапты,
Сол үшін сотталып қазаттапты.
«Еркек тоқтық құрбандық» есіл ерді,
Ойлап жатқан ешкім жоқ, өшті аты.

Зарина СОВЕТБЕК,
Қ. Рысқұлбеков атындағы
орта мектебінің
9-сынып оқушысы.

БЕЙНЕТТІҢ ЗЕЙНЕТІН КӨРІҢІЗ



Ұланбел ауылының тұрғыны аудандық
бұқаралық спорт іс-шараларын өткізу
орталығының спорт әдіскері **БЕЛГІШЕВ**
Қанат Хасенұлы 19 желтоқсанда зейнетке
шығатын айтулы күнімен құттықтаймын!

Сіз өз өміріңіздің 40 жылдан астам
уақытын өзіңіз туып өскен Ұланбел ауылының
өсіп-өркендеуіне арнадыңыз. Қатардағы
есепшіден бастап, ауылдың округ әкіміне
дейінгі жолдан өттіңіз. Адал еңбегіңізге
байланысты әртүрлі деңгейдегі марапаттарға
да қол жеткізгеніңізді білеміз. Әкім болған
түсыңызда ауылдағы мекеме басшыларын
ұйымдастырып, талай тартымды іс-шара-
ларды бірге өткізген күндерді де ұмыта
қойғанымыз жоқ.

Сізге зор денсаулық, отбасыңыздың
амандығын тілей отырып, менің алғашқы
ұстазым Аманкүл әпкей екеуіңіз ба-
лашағаларыңыздың ортасында ұзақ жылғы
бейнеттің зейнетін көре берулеріңізге
тілектеспін.

Ізгі тілекпен: **Айнұр Сүндетұлқызы**
Әбілова, «Балдырған» бебейжайының мең-
герушісі, аудандық мәслихаттың депутаты.
Ұланбел ауылы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ұланбел ауылының тұрғыны, ардақты әке,
өз ісінің тәжірибелі маманы **БЕЛГІШЕВ Қанат**
Хасенұлы 19 желтоқсан күні 63 жасқа толады.
Бақытты отбасынан, байлықты баладан,
абыройды еңбектен тапқан әріптесіміздің
өнегелі өмір жолы кейінгі жастарға үлгі.
Жастарға ақылшы бола білген, қашанда
қауырт жұмыстардың қасынан табылып, іске
баулып отырады. Ұжым да мерейтой месінің
осы бір адами қасиеті мен кісілік болмысын
күрметтейді.

Ендігі ретте Пайғамбар жасына абыроймен
аяқ басқан әріптесіміздің деніне саулық
тілейміз. Бейнеттің зейнетін көріп, қуанышқа
толы ғұмыр кеше беруіңізге тілектеспіз.

Жаныңыз бөлек ізгі енді.
Бастыңыз қадам сіз белге.
Ағасы болған ұжымның,
Жолыңызды берсін біздеге.
Тауып елмен келісім,
Терді тектіңіз ел үшін.
Көңіліңіз өсіп көре беріңіз!
Көп жылғы еңбектің жемісін.

Ақ тілекпен: аудандық бұқаралық спорт-
тық іс-шараларды өткізу орталығының
ұжымы.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚҰРДАСЫ БОЛУ БІЗ ҮШІН ҮЛКЕН БАҚЫТ

Мойынқұмдық Ұлжан Әмірәліқызы 1991
жылдың 13 қыркүйегінде дүниеге келген. Әкесі
Әмірәлі Нұрбаев, анасы Шолпан Зауқымбетова
зейнеткер. Ұлжан Т.Рысқұлов атындағы орта
мектебін 2008 жылы бітірген. Осы жылы Алматы
қаласындағы Абай атындағы Ұлттық педагогикалық
университетінде грантқа оқуға түсіп, оны 2012
жылы информатика мамандығы бойынша
бітіреді. 2013 жылы Т.Рысқұлов атындағы тірек
мектебіне информатика пәнінің мұғалімі болып
жұмысқа орналасады. Бір кездері өзі оқып, білім
нәрімен сусындаған білім ордасының ұжымы жас
маманды жатырқамай құшақ жая қарсы алады.
Білікті, жанашыл ұстаз, іскер басшы Шәрбат
Қашқымбекова басқарған ұстаздар қауымы
бір кездегі талапты да зерек шәкірттері Ұлжан
Әмірәліқызына өздерінің тәжірибелерін үйретіп,
жас ұстаздың ұжымға тез сіңісіп, сабақ беру
үрдісін мейілінше меңгеруге қолайлы жағдай
жасайды. Ұлжан бүгінде педагогика саласында
озық тәжірибелерді батыл меңгерген ұстаздар
қатарынан ойып тұрып, өзінің еңбегімен лайықты
орнын алады.

Егемендік алған жылдар ішінде өзіне тән
барлық институттары бар әлемдік қауымдастықтың
ықпалды мүшесі болып табылатын мемлекет
құрылды. Оның қауіпсіздігі мен тәуелсіздігі
қамтамасыз етілді. Конституциялық жолмен
мемлекеттік және саяси билік құрылымдарын
жаңарту негізінде елдің демократиялық жолмен
дамуының берік ірге тасы қаланды. Елдің ішкі
экономикалық жүйесі түбірімен өзгеріп, дамыған



өркениетті елдердің ешқайсысынан кем түспейтін
нарықтық қатынастар мен институттар құрылды.
Соның негізінде Қазақстан дүниежүзілік экономикада
өз орны бар елге айналды. Отыз бір жылдың ішінде
қазақ халқының ұлттық санасы жаңғырып, өзін-
өзі тану, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы
мен ұлттық дәстүрлерін құрметтеу, ұлы тұлғаларын
бүкіл дүниеге таныту, бай рухани қазынасын әлемдік

өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар
атқарылды. Ең бастысы, қазақ халқымен бірге әртүрлі
этностардың да отаны болып табылатын біздің еліміз
бүкіл әлемге қоғамдағы татулық пен ынтымақтастықты
сақтаудың, әртүрлі ұлттық мәдениеттер мен діндердің
үйлесімді дамуына қамқорлық жасаудың жарқын
үлгісін көрсетіп берді. Бүгінде еліміздің негізгі ұлтын
қазақ халқы құрайды.

Тәуелсіздік ең алдымен, қазақ халқының
бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен
рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік
күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап,
дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Тарихи
жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай
бекітілді. Мемлекетік рәміздеріміз, Ата заңымыз,
ұлттық валютамыз және сарыарқаның кең жазық
даласында барша елді өзінің тез көркейіп, өсуімен
таңқалдырып, жаңа астанамыз дүниеге келді. Әлемдік
қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы»
деген асқақ рухты елдің бар екенін мойындаттық.

Отыз бір жылдық бізге тек бақыт пен ырыс алып
келсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Еліміз
гүлденіп, жайнай берсін! Мен Қазақстанды елдің
тәуелсіздік алған жылдарында туғанымыз мақтан
етемін. Замандастарыма қиыншылыққа қарамай
алдыға қойған мақсаттарына сүрінбей жетіп, жан
дүниесі қалаған ой-армандарының орындалуын
тілеймін, - дейді тәуелсіздік құрдаасы, жас педагог
Ұлжан Әмірәліқызы.

Жолдыбай ДӘМЕТОВ,
«Мойынқұм таңы».

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мыңарал Тас Компани» ЖШС «Жамбыл облысы Мойынқұм
ауданындағы Мыңарал кен орнын барлау жоспарына
(Восточный участок) толықтыру» жобасына ықпал етуге
руқсат алуға арналған материалдармен ҚОҚ бөліміне ашық
жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық
тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі:
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мыңарал ауылы.

Тыңдау 25.01.2023 ж. сағат 12.00-де Жамбыл облысы,
Мойынқұм ауданы, Мыңарал ауылдық округі Мыңарал ауылы
Рахымқұл Садықов көшесі, 10, «Мойынқұм ауданы Мыңарал
ауылдық округі әкімінің аппараты» мекенжайы бойынша өтеді.
Карантиндік шаралар күшейтілген жағдайда қоғамдық
тыңдаулар бейнеконференц байланыс нысанында өткізілетін
болады.

Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі
және барлық құжаттама интернет-ресурста қолжетімді
<https://ecoorportal.kz> («қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде және
«Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің сайтында, сондай-
ақ электрондық пошта арқылы көзделіп отырған қызметке
қатысты құжаттардың көшірмелерін [yana.sokolenko@jambylcement.kz](mailto: yana.sokolenko@jambylcement.kz)
және тел. 8-777-005-69-40 сұратуға болады.

Бастамашысы: «Мыңарал Тас Компани» ЖШС, БСН
070340002405, мекен-жайы: ҚР, Жамбыл облысы, Мойынқұм
ауданы, Мыңарал ауылы, кадастрлық тоқсан есептік тоқсан 062
062, 20, электрондық пошта: [yana.sokolenko@jambylcement.kz](mailto: yana.sokolenko@jambylcement.kz),
тел.: 8-777-005-69-40.

Құрылыс жобасы: «С-ГеоПроект» ЖШС БСН 110240021170,
Астана қаласы, Мәңгілік Ел 20/2, 506 кеңсе, электрондық пошта:
[info@sgr-group.kz](mailto: info@sgr-group.kz), тел.: 8 (701) 743-72-60.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұрт-
шылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты жергілікті
атқарушы орган - «Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи
ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ,
тел: 8 (7262) 43-68-08, электрондық пошта: [s.agabek@zhambyl.gov.kz](mailto: s.agabek@zhambyl.gov.kz).

Фото хабарландыру сайтта орналастырылады <https://ecoorportal.kz>.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Мыңарал Тас Компани» проводит общественные
слушания в форме открытых собраний на раздел ООС с
материалами на получение разрешения на воздействия к проекту
«Дополнение к плану разведки месторождения Мыңарал (участок
Восточный) в Мойынқұмском районе Жамбылской области».

Перечень административно-территориальных единиц, на
территорию которых может быть оказано воздействие и на
территории которых будут проведены общественные слушания:
Жамбылская область, Мойынқұмский район, с. Мыңарал.

Слушания состоятся: 25.01.2023 г. в 12.00 ч. по адресу:
Жамбылская область, Мойынқұмский район, Мыңаралский селский
округ село Мыңарал, улица Рахымқұл Садыкова 10, «Аппарат
Акимата Мыңаралского сельского округа Мойынқұмского района».

В случае усиления карантинных мер, общественные слушания
будут проводиться в форме видеоконференц связи.

Активная ссылка проводимых общественных слушаний
и вся документация доступна на интернет ресурсе <https://ecoorportal.kz>
в разделе «Общественные слушания» и на сайте
МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования
природопользования акимата Жамбылской области», а также
можно запросить копии документов, относящихся к намечаемой
деятельности по e-mail: [yana.sokolenko@jambylcement.kz](mailto: yana.sokolenko@jambylcement.kz) и по
тел. 8-777-005-69-40.

Инициатор: ТОО «Мыңарал Тас Компани», БИН 070340002405,
Юридический адрес: Р.К., Жамбылская область, Мойынқұмский
район, Мыңаралский селский округ село Мыңарал, кадастровый
квартал учетный квартал 062, 20, [yana.sokolenko@jambylcement.kz](mailto: yana.sokolenko@jambylcement.kz),
тел. тел. 8-777-005-69-40.

Разработчик проекта: ТОО «С-ГеоПроект» БИН 110240021170,
г. Астана, пр. Мангилик Ел 20/2, офис 506, тел: 8 (701) 743-72-60.

Местный исполнительный орган, ответственный за
обеспечение доступа общественности к информации о проведении
общественных слушаний - ГУ «Управление природных ресурсов
и регулирования природопользования акимата Жамбылской
области», тел: 8 (7262) 43-68-08, электронный адрес: [s.agabek@zhambyl.gov.kz](mailto: s.agabek@zhambyl.gov.kz).

Фото объявления будет размещено на сайте <https://ecoorportal.kz>.



ЖЕЛТОҚСАН

Қарлы боран Желтоқсан,
Бейне теңіз сең соққан.
Жарқырайды ар-намыс,
Түнгі аяз ба жел қосқан.

Кейбіреулер тығылды,
Жарға барып жығылды.
Талай сұлу арудың
Бұрымдары, қырылды.

Тәуелсіздік алған күн бүгін,
Халқымның көрдің бар күшін,

Бұл менің Қазақстаным!
Ашылсын мәңгі түндігің.

Жүрді сонда жас Қайрат,
Намысымен от шайнап.
Алған сонда теңдігің,
Ғұмырың боп «Көк байрақ».

Бақытбек ЖОЛДЫБАЕВ,
Мойынқұм ауылы.



Бас директор - Олжас ИЕНБЕРГЕН
Бас редактор - Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ:

"Мойынқұм аудандық
"Мойынқұм таңы" газетінің
редакциясы" жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Жамбыл облысы,
Мойынқұм ауданы,
Мойынқұм ауылы,
Амангелді көшесі
№68 "Г"

ТЕЛЕФОНДАР:
Бас редактор
2-49-30 /факс/
Бас редактордың
орынбасары 2-49-11
Тілімі 2-14-06

Газет аптасына 2 рет сейсенбі,
жұма күндері шығады. Редакция автордың көзқарасы мен
жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа
жауап қайтарылмайды. Газет «Қанатты қалам әлемі» ЖШС
баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Тарат қаласы, Төле би 36 Б.
Есеп шот: KZ65601A161000012151, АҚ "Halyk Bank"

Газет Қазақстан
Республикасының Мәдениет
және Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
№12952-Г куәлік берілген
(02.08.2012ж. Астана қаласы)